

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP FR-331

термоэлектрлік

тоңазытқышы

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз. Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының мақсаты

Бұл құрылғы салқындату, автомобильдегі азық-түлік өнімдері температурасын сақтауға арналған. Тоңазытқыштың бұл түрі Пельтье элементінің арқасында температураның төмендеуін немесе камераның ішіндегі қоршаған ортаға қатысты жылуудың сақталуын қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік техникасы ережелері

1. Тоңазытқыштың қақпағын жиі ашпаңыз, әсіресе ыстық ауа-райында және қақпақты ұзақ уақыт ашық қалдырмаңыз.
2. Тоңазытқышқа тым көп тамақ өнімдерін қоймаңыз.
3. Жабдықтың бүлінуіне немесе тұтануына жол бермеу үшін тоңазытқышта немесе оның жанында жанғыш, жарылғыш, ұшпа немесе коррозиялық заттарды сақтамаңыз.
4. Құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа бөлмелерде пайдаланбаңыз. Құрылғы өшірулі болса да, судың жақындығы қауіпті болып келеді.
5. Құрылғының қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету қажет. Желдеткіш тесіктерді ешқашан жаппаңыз және құрылғыны ешқашан жабық, желдетілмейтін жерде пайдаланбаңыз.
6. Тазалау кезінде құрылғының желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Қатты жуғыш заттар мен абразивті материалдарды пайдаланбаңыз. Ыдыс жуғыш затты пайдаланып құрылғыны дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Құрылғы сызбасы




1. Айнымалы тоқ порты (AC) 220-240 В.
2. Тұрақты тоқ порты (DC) 12 В.
3. «Қыздыру / салқындату» режимдерді ауыстырып қосқыш.
4. Желдету.
5. Қақпақ.
6. Тұтқа.

Орнату

Егер сіз құрылғыны автомобильде қолдансаңыз, оны жүксалғыш бөліміне (сурет 1) немесе автомобиль-универсалда орындықтардың ортаңғы қатарына (сурет 2) қою ұсынылады.

Сондай-ақ, құрылғыны жүргізушінің жанындағы орындықта (сурет 3) немесе кәдімгі автомобильдің артқы орындығында (сурет 4) тасымалдау ұсынылады.



1. Құрылғыны қосу үшін желі параметрлері оның техникалық сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. 3 ауыстырып қосқышты пайдаланып, құрылғыны қуат көзінің түріне сәйкес келетін қуат режиміне қойыңыз.
3. Тиісті қуат кәбілін таңдалған қуат көзінің портына қосыңыз.
4. Құрылғыны желіге қосыңыз (розеткаға немесе автомобиль тұтатқышына).
5. 2 ауыстырып қосқышты пайдаланып, құрылғыны қажетті режимге орнатыңыз.
6. Қыздыру режимі қосылған кезде қызыл индикатор жанады, ал салқындату режимі қосылған кезде жасыл болады.

Назар аударыңыз: режимді ауыстырмас бұрын, құрылғыны желіден 30 минутқа ажыратыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: FR-331.
- Максималды қыздыру: +55 °С.
- Максималды салқындату: 17°С қоршаған ортаның температурасынан төмен (+5°С төмен емес).
- Көлемі: 32 л.

Кернеу	Жұмыс режимі	Қуаты
12 В (DC) (автомобильдің борттық желісінен)	Қыздыру	45 Вт
	Салқындату	48 Вт
220-240 В (AC) (тұрмыстық электр желісінен)	Қыздыру	50 Вт
	Салқындату	55 Вт

Аспапты күту

- Өтініш, қатты жуғыш заттарды, еріткіштерді және тоңазытқышты тазалау кезінде абразивті материалдарды пайдаланбаңыз. Ыдыс жуғыш затты қолданып аспапты дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Егер Сіз аспапты ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, оны құрғатыңыз. Сондай-ақ, сақтау кезінде ақауларды алдын алу үшін аспаптың жақсы желдетілуі маңызды.

Мүмкін болатын мәселелер мен шешімдер

Мәселе	Шешу тәсілі
Құрылғы жұмыс істемейді, сырттан көрінетін желдеткіш айналмайды	Құрылғы кәбілінің тұтастығын және электр желісінің жарамдылығын тексеріңіз.
Сіздің құрылғыңыз жақсы салқындатпайды, сыртқы желдеткіш айналмайды	Желдеткіш моторы зақымдалған болуы мүмкін. Жөндеу жұмыстары тек сертификатталған қызмет көрсету орталығында жүргізілуі керек.
Құрылғы салқындатпайды, бірақ желдеткіштер айналады	Термоэлектрлік салқындатқыш зақымдалған болуы мүмкін. Жөндеу жұмыстары тек сертификатталған қызмет көрсету орталығында жүргізілуі керек.

Жинақтама

- Тоңазытқыш.
- Қуат кәбілі — 2 дана.
- Адаптер.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларындағы қаптамада 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасы және 80% - дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералды және жергілікті заңнамаларға сәйкес қайта өңдеуге және одан әрі кәдеге жаратуға арналған электрлік және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті пайдаланбаудан туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Айсберг Электроник Эпплайнс Ко., Лтд.
Юньхуань 1 даңғ., Симэнь Таун, Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club